

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 28 (939) 23 маусым 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

Мағжан Жұмабаев - 130

АЛАШТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Мағжан Жұмабаев қазақтың бірлігі мен Алаштың азаттығы үшін күрескен танымал тұлға. Оның күрескерлік өмірі мен шығармашылығы Кеңес кезінде кісенде болды. Ақын 1960 жылы ақталған соң, кітаптары Түркияда жарық көре бастаған. Қазақстанда Жұмабаев шығармалары 1989 жылы ғана қайтадан жариялана бастады. Астана, Алматы және Петропавл қалаларында көшелерге Жұмабаев есімі берілген. Петропавл қаласында және ақынның туған ауылында ескерткіш қойылған. Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Булаев ауданы М. Жұмабаев ауданы болып аталды.

Мағжан – сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері, өзгенің жүрегіне тәтті ү себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем жазады. Мағжан Жұмабаев – бірнеше көркем поэма жазған құлашы кең эпик ақын. Ол өз заманының толғауы күрделі жайларын халқының өткен тарихын жырлау арқылы көрсетуге ұмтылды. Өйткені артта қалған қазақ елін алға жетелеу сол халықтың өз қолынан ғана келмек. Сондықтан да халыққа күш берер осындай ерлік қайнарын Мағжан тарихтан іздеді. Өз шығармаларында кешегі өткен батыр бабаларымыздың ерлігін жырлады. Абылайды, Кенесарыны жырға қосты. Сол арқылы халқының қайратын ұштап, санасын ояуды ойлады. Биыл осы сыршыл ақынның туылғанына 130 жыл толып отыр.

*** **

Мемлекет басшысы Қызылжар өлкесінің зиялы қауым өкілдерімен және қоғам белсенділерімен кездесу барысында: - Бірлігіміз – арлуандықта. Бұл – біздің ең басты ұранымыз әрі ұстанымымыз. Қазақ болсын, басқа ұлт болсын – бәріміз бір халықпыз. Сондықтан бәріміз халқымыздың, еліміздің өркендеуіне қызмет етуіміз керек. Баршаңызға бақ-береке тілеймін. Біз әрдайым бірге боламыз. Алға қадам басу үшін ауызбіршілігімізді, достығымыз бен тұрақтылығымызды көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Әрине, елімізде әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық сипаттағы мәселелер бар. Проблемасыз ел болмайды. Тіпті, ең дамыған, бақуатты елдерде де проблема бар. Егер елде тәртіп болса, заң қатаң сақталса, көздеген нәтижеге қол жеткіземіз, – деді Президент.

Президент қоғам белсенділерімен елдің дамуы және өскелең ұрпақ тәрбиесі жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар, кездесу барысында Мемлекет басшысы қазақ әдебиетінің жарқын өкілі, ақын Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығын жоғары деңгейде атап өту қажет екенін айтты.

ҚАЗАҚТЫҢ ДАНҚТЫ ПЕРЗЕНТІ

Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай, біз әдеби шамның, ұлы философияның және қастерлі ұлттық қаһарманның керемет өмірі мен мәңгілік мұрасына құрмет көрсетеміз. Жұмабаевтың Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне терең әсері уақыт пен ұрпақты шабыттандыра отырып, жаңғыруды жалғастыруда. Бүгін Қазақстанның әдеби ландшафтының құрылымын қалыптастырған ерекше адамның өмірі мен әдебиет саласындағы даму тарихына тереңірек үңілейік.

Жаздың жайдары күнінде, 1893 жылы маусымның жиырма бірінші жұлдызында Қармақшы ауылында Мағжан Жұмабаев таңғажайып талант пен шексіз қызығушылықтың пайда болғанын жариялап, дүниеге келді деген деректер бар... Қазақ даласының шексіз,

(Жалғасы 2-бетте).

ТҮРКІСТАНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ӨТТІ

Президент жанынан құрылған Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы биыл Түркістан қаласында ұйымдастырылды. Екі күн бойы қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылаған қоғам қайраткерлері мен Парламент депутаттары, қоғамдық кеңестер мүшелері мен БАҚ басшылары және сарапшылар өзіндік ұсыныстарын жеткізді. Алқалы жиынның алғашқы күнінде «Қоғамдық консолидация», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым» жұмыс секциясына бөлінген сала мамандары ел ішіндегі мәселелерді көтеріп, шешу жолдарын да ұсынды. Жұмыс секциялары отырыстарының қорытындысы бойынша Ұлттық құрылтай мүшелерінің ұсыныстарын мемлекеттік органдармен бірлесіп іске асыру жөніндегі іс-шаралардың арнайы жоспары әзірленетін болды.

Ал, екінші күні Түркістанға барған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүкіл түркі дүниесіне танымал ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің және осында жерленген тарихи тұлғалардың рухына тағзым етіп, Құран бағыштады. Содан соң, Ұлттық құрылтайдың негізгі отырысына қатысты. Басқосуды мемлекеттік хатшы Ерлан Карин жүргізіп отырды. Құрылтайда алғашқы болып сөз алған «Қолданбалы экономика зерттеулері» орталығының ғылыми жетекшісі, ғалым және қоғам қайраткері Жақсыбек Құлекеев ел егенмендігін алған жылдардан бергі уақытта елдегі бірлікке негізделген келісімнің Қазақстандық моделі қалыптасқанын жеткізді. «Қазақстан – мемлекет құрушы қазақ ұлтымен бірге көптеген ұлыстардың басын қосып отырған мемлекет. Сондықтан, Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Қазақстанның мемлекеттік саясаты елімізде ынтымақ пен бірлікті нығайтып, барлық ұлт өкілдерінің бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталып келеді. Тәуелсіздіктің 32 жылында бірлікке негізделген келісімнің қазақстандық моделі қалыптасты», – деді ол. Сондай-ақ, Жақсыбек Құлекеев ел дамуының жаңа кезеңінде ұлттық бірлікті одан әрі нығайтуға бағытталған доктринаның жаңа редакциясын дайындау керектігі жөнінде ұсынысын жеткізді. «Қазіргі Қазақстанның ұлттық бірлік доктринасы – жан-жақты зерттелген құжат. Ол үш қағидатқа негізделген. Ел бірлігін негіздейтін бірінші қағидат – әр азаматтың өзінің ортақ тағдыры мен Отанының - Қазақстан Республикасының - ортақ екенін ұғыну, екіншісі – этникалық және басқа тегіне, дініне, әлеуметтік жағдайына қарамастан барлық азаматтардың мүмкіндіктерінің теңдігі. үшіншісі – біріктіруші, біріктіруші және бекітуші бастау ретінде Ұлт Рухын нығайту және дамыту. Біз осы басты үш қағидатқа қашанда адал болып келеміз. Алайда, қазіргі әлемдік геосаяси жағдай мен кейбір ішкі қайшылықтар бұл іске едәуір ықпалын тигізіп отыр. Біз алдағы уақытта жаңа қоғам құндылықтарын пысықтағанымыз дұрыс. Саяси реформаларды бастан кешіріп жатқан Қазақстанның аталған доктринасы күн тәртібіне қараша қойылуы тиіс деп есептеймін», – деді ол. Ал, мұнан соң мінберге шыққан Қазақстанның Еңбек Ері Вадим Басин еңбек адамдарының мәртебесін көтеру керектігі жөнінде ұсыныс айтты. Әмдірістегі жұмысшы мамандардың жеткілікті сөз етті. Жастардың кәсіпорындарда қызмет атқаруға бармайтындығын жеткізді. Құрылтайда «Қазақстан заңгерлер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай халықтың құқықтық сауаттылығын көтеру керектігіне тоқталды. «Халықтың құқықтық сауаты мен құқықтық мәдениетін дамыту процесі ең маңызды мәселенің бірі болып табылады. Құқықтық сауаттылықтың өсуі қоғамдық әлеуметтік шиеленістің дәрежесін төмендетуге мүмкіндік береді. Ал, азаматтар өздерінің конституциялық құқықтарын сот арқылы және өзге тәсілдермен қорғап іске асыра алады», – деді ол. Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова отбасылық тәрбиеге көп көңіл бөлу керектігі жөнінде ұсыныс айтты. «Тәрбиесіз берілген білімнің көп жағдайда



басты жарып, көзді шығаратынын көріп отырмыз. Сондықтан, қоғам болып бұл іске тоқтау салуымыз қажет. Өскелең ұрпақтың моральды, мәдени және психологиялық ұстанымдарын қалыптастыратын институт – әрине мектеп. Бірақ, отбасының бала тәрбиесіндегі рөлін ешқашан естен шығармауымыз қажет. Себебі, бір әкенің тәрбиесін 100 мектеп бере алмайды. Ар, ұят, намыс, ізгілік пен мейірімділік, ұлттық мұраға деген құрмет – темірқазық ұстанымдар білімнің негізгі құндылығы болуы шарт. Қазір үкімет дайындап жатқан ұлттық тәрбие концепциясына осы ұстанымдарды ұлттық құндылық ретінде қалыптасуы қажет», – деді ол. Ал, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Азамат Сатыбалды мәдениет саласындағы мәселелерді айтып, шешу жолдарын жеткізді. Барлық мәселені тыңдаған Мемлекет басшысы бірқатар тың бастаманы көтерді. «Шын мәнінде, біз айттып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал, арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады», – деді Президент. Мемлекет басшысы Алматыдағы Археология институтының қазіргі жағдайына «мүшкіл» деген баға беріп, соның жанынан тарихи жәдігерлердің арнайы қорын жасақтауды тапсырды. Сондай-ақ, «Еңбек күні» атаулы датасы кезінде ең үздік еңбек адамдарын мемлекеттік деңгейде ұлықтау арқылы еңбек культін қалыптастыруға болатынын қозғады. Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан төрінде елімізде тарихи тұлғалардың атымен аталған ордендер шығару жөнінде бастама көтеріп, орденнің атын иеленуге бірден-бір лайық тұлға Бейбарыс сұлтан екенін айтты. Сонымен қатар, елдегі рухани сабақтастық арқауын үзіп алмау үшін «Ясауитану» ғылыми орталығы немесе институты құрылуы мүмкін екендігін жеткізді. Жалпы, құрылтай отырысы 2 сағатқа созылды. Қатысушылар Ұлттық құрылтайда халыққа қажетті ұсыныстар көтеріліп, тың шешімдер қабылданғанына куә болды.

Түркістанда өткен Тәуелсіздігімізді нығайтуға негізделген Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында жаңа саяси кезеңдегі қадамдар мен Жаңа Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиясы аясындағы жұмыстар сарапта салынды. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Ұлттық құрылтайдың басты міндеті – ұлтты ұйыстыратын парасатты тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән беріп, жалпыұлттық бірлікті нығайту. Түркістандағы кездесуде Тәуелсіз еліміздің еңсесін одан әрі тіктей түсуге бағытталған маңызды шешімдер қабылданды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: ВОЛОНТЕРЛЕР – БҮГІНГІ АДАМЗАТТЫҢ ЭЛИТАСЫ

Елордадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Халықаралық волонтерлер форумы өтті. Халықаралық волонтерлер форумына әлемнің 34 елінен 140-тан астам ерікті қатысты. Сондай-ақ 50-ге жуық шетелдік спикер келді. Кейінгі үш жылда елімізде волонтерлердің саны үш есе көбейді. Мысалы, 2019 жылы волонтерлік ұйымдардың саны 50-ден астам болса, қазіргі таңда 680-ге жетіп отыр. Сонымен бірге волонтерлердің саны 2019 жылы 50 мың болса, қазір республика бойынша волонтерлер саны 200 мыңнан асады. Форумның негізгі мақсаты – волонтерлер қозғалысын дамыту және қолдау саласындағы қазақстандық тәжірибені таныстырып, халықаралық аренада елдің оң имиджін қалыптастыру.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық волонтерлер форумында волонтерлерді бүгінгі адамзаттың элитасына теңеді. «Бұл форум бірлескен әрекеттер маңызды рөл ойнайтынын көрсетеді. Біз әлемде бұрын-соңды болмаған түрлі проблемаларға кездесіп отырмыз. Сондықтан қазір жарқын болашаққа деген үмітті өшіріп алмау үшін ымырашылдық өте қажет. Мен халықаралық волонтерлік бағдарламалар тиімді екеніне және жеке тұлғалар арасындағы дипломатияны ілгерілетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін. Өз өмірін өзгелерге арнап жүргендерге, әсіресе мұны халықаралық деңгейде істеп жүргендерге алғыс білдіргім келеді. Өйткені оларды адамзаттың элитасы, бейбітшілік пен мейірімнің нағыз елшілері деп айтуға болады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент волонтерлік қызметті экологиялық құндылықтарды ілгерілетуге пайдалануға болатынын атап өтті. «Болашағымыз бақуатты болу үшін бүгінгі әр қадамымызды дұрыс басуымыз керек. Сондай-ақ, экологиялық тұтыну мәдениетін ілгерілету қажет. Ол үшін бізге адамдардың ойлау тәсілін, қоршаған ортаны қабылдау мәдениетін өзгерту қажет. Сонда ғана реформалардың нәтижесі орнықты әрі қалтқысыз болады. Мен волонтерлік жеке адамдардың үлгісі негізінде қалыптасатынына сенемін. Бізге жауапты азаматтық және патриотизм ұғымдарының негізінде дамудың

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШҚИ ІС-СІЯСАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ВОЛОНТЕРЛЕР
ФОРУМЫ

жаңа парадигмаларын қалыптастыру керек. Елімізде волонтерлік қызметтің кеңінен тарауына қажетті жағдайдың бәрін жасаймыз», – деді Мемлекет басшысы. «Еріктілік пен қайырымдылық дәстүрлері қоғамның дамуы мен жетілуінің негізі бола алады. Белсенді өмірлік ұстанымы бар және жауапкершілігі жоғары адамдар өз елі мен қоғамын өзгертетін драйвер бола алады. Біздің әрқайсымыздың қанымызда мейірімділік гені бар. Соны оятып, биік мақсаттарға пайдалана білу керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент волонтерлерді бүгінгінің батырына теңеді. «Қоғамның алдыңғы сапында жүргендіктен сіздерді нағыз қаһармандар, бүгінгі әлемнің үлгі тұтар бейнесі деуге болады. Мұқтаж жаңдарға тынымсыз көмек көрсетіп жүргендеріңізді, біліміңіз бен тәжірибеңізді өзгемен бөлісуге деген ұмтылыстарыңызды ерекше атау қажет. Сіздердің кішіпейілділіктеріңіз құрмет пен қошеметке лайық. Волонтерлік құндылықтарды насихаттап, басқаларды атсалысуға ынтылдандыру үшін сіздердің жұмыстарыңыздың маңызды екенін, табысты нәтижелерді әрдайым атап отыру керек», – деді Мемлекет басшысы.

Астана. ҚазАқпарат

ҚАЗАҚТЫҢ ДАҢҚТЫ ПЕРЗЕНТІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

қолға үйретілмеген жайлауларында ішінде жас Мағжан өзінің бойында білімге деген құштарлық пен жазбаша сөзге деген терең қызығушылық сезімін арттырды. Оның ауылында білім алу мүмкіндігінің таршылығына қарамастан Мағжанның мақсатшылдығы мен туа біткен әдеби таланты оны ұлылыққа жетелейді. Мағжан Жұмабаевтың поэтикалық жолы оның қалыптасу жылдарында, демек жасөспірім кезінде басталды. Оның өлеңдерінің ритақты әуендері қазақ халқының жан дүниесінде резонанс тудыра бастады. Қазақ табиғатының әсемдігімен және өз халқының сол кездегі Совет үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы әлеуметтік-саяси күресімен шабыттанған оның поэзиясы бүкіл ұлттың ұмтылысы мен ұмтылысының үнін алған дауысқа айналды. Мысалы, «Мен жастарға сенемін» атты туындысы қазақ халқы жаастарының тұла бойындағы рухын көтерген жалынды шығарма жастардың әлі күнге дейін патриоттылығын жандыруда. Ақынның поэтикалық туындыларының негізінде өз Отанына деген терең сүйіспеншілік пен әлеуметтік әділеттілікке деген ұмтылыс жатты, бұл оның қазақ әдеби канонына трансформациялық әсерін күшейтеді. 20 ғасырдың басы Қазақстанда терең әлеуметтік және мәдени метаморфоз кезеңін белгілеген кезде Мағжан ақын көркемдік жарқыраудың шамшырағына айналды. Оның өлеңдері қазақ халқының сынақтары мен жеңістерін бейнелейтін, оның ұжымдық рухын жеткізетін және жақсы болашаққа үміт ұялататын сөзсіз сенімділікпен айтылды. Жұмабаев өзінің тілді меңгеру шеберлігінің арқасында поэзиясын жарқын бейнелермен, әсерлі эмоциялармен және лирикалық баяндаумен толтырды, осылайша қазақтың ауызша дәстүрін бұрын-соңды болмаған биікке көтерді. Оның «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» атты ұлы шығармасының жолдарында қазақ фольклорының бай гобеленіне өмір сыйлаған ақынның теңдесі жоқ әдеби данышпаны шынымен гүлденді. Алайда, ғұлама ақынның өз елінің дамуына қосқан үлесі оның әдеби шеберлігінен асып түсті. Ол өз өмірін Қазақстанның мәдени бірегейлігін тәрбиелеуге және нығайтуға арнап, қазақ дәстүрлерін, тілі мен мұрасын сақтау мен дәріптеуді аямай жақтады. Мағжан Жұмабаев біртұтас және жігерлі ұлтты қалыптастырудағы осы мәдени тіректердің ішкі құндылығын түсінді, олардың сақталуы оның қазақтың мызғымас бірегейлігіне ұмтылуында бірінші орынға шықты. Өз халқының мұрасының нағыз қамқоршысы ретінде ол сансыз адамдардың Мәңгілік табынуы мен құрметіне ие болды, олар оны патриотизм мен мызғымас адалдықтың көрінісі ретінде қабылдады. Мағжан Жұмабаевтың өшпес ықпалы әдебиет пен мәдениетті сақтаудан асып түсті. Ол қазақ халқының теңдігін, білімін және жағдайын жақсартуды жақтап, әлеуметтік әділеттіліктің қызу чемпионы болды. Білім берудің ерекше күшіне сене отырып, ол білім беру мекемелерін құру және өз халқы арасында сауаттылықты тарату үшін тынымсыз жұмыс істеді, білім арқылы адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту Қазақстанның жарқын болашағының кілті екенін мойындады.

Қайғы-қасірет жағдайында Мағжан Жұмабаев табандылық пен жанашырлықтың үлгісі болды. 1930 жылдардың басында Қазақстанды дүр сілкіндірген ашаршылық кезінде ол шұғыл көмек көрсету бойынша күш-жігерін аяусыз ұйымдастырып, мұқтаж жандарға қолдау көрсетіп, өз азаматтарының әл-ауқатын өзінен жоғары қойды. Оның басқалардың қайғы-қасіретін жеңілдетуге деген ерекше қазақ халқының әл-ауқатына деген мызғымас адалдығы оның ұлттық қаһарман мәртебесін нығайтты.

Бүгінгі таңда Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуын атап өтсек, оның артында қалдырған керемет мұрасы туралы ойлауымыз керек. Оның поэзиясы эмоцияны оятуды, ұлттық мақтанш сезімін оятуды және ұрпақты шабыттандыруды әлі күнге дейін жалғастыруда. Оның қазақ мәдениетін сақтауға және әлеуметтік әділеттілікті насихаттауға, қоғамға оң ықпал етуге ұмтылатындардың барлығына бағыттаушы жұлдыз ретінде қызмет етеді. Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы өнердің, әдебиеттің өзгермелі күшінің және өз мұраттарына шынайы берілгендіктің айғағы болып табылады. Оның рухы қазақ халқының жүрегі мен санасында өмір сүруді жалғастырып ұлы ақын, философ және ұлттық қаһарман ретінде мәңгі есте қалады. Оның ерекше өмір жолы біздің бойымызға да ерекше қуат береді, мәдени мұрамызды сақтауға және әділетті қоғамға ұмтылуға шабыттандырады. Мағжан Жұмабаев – Алаштың жарық жұлдызы!

Жаннұр БЕКТУРГАНОВА, тілші.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР – МЕМЛЕКЕТТІҢ АЙНАСЫ

Ауданымыздың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы да көп жағдайда мемлекеттік қызметшілер, сіздерге байланысты. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ғана еліміз табысы мол, гүлденген мемлекетке айнала алады деген ойдамын. Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Әрбір өркендеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет.

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отыра, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін! Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

Берік ӘЛЖАНОВ, Тайынша ауданының әкімі.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ — ЕРЕКШЕ МІНДЕТ

2003 жылдың наурыз айында БҰҰ Бас Ассамблеясы 23 маусымды Мемлекеттік қызмет күні (United Nations Public Service Day) ретінде белгіледі, ал Қазақстанда бұл кәсіби мереке 2013 жылдан бері тұрақты түрде аталып келеді. «Барлық елдер мен барлық адамдар құзыретті, жабдықталған және ресурстармен қамтамасыз етілген мемлекеттік қызметке мұқтаж. Мемлекеттік қызмет алуан түрлі және әдепті болуға тиіс. Оның мақсаты адамдарға тиімді қызмет ету және қоғамның ең кедей және осал мүшелерінің өмірін жақсарту болуы керек», – деп жазылған болатын БҰҰ-ның қарарында.



Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруда шешуші рөл атқаратын мемлекеттік жүйенің маңызды элементтерінің бірі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тиімді мемлекеттік аппарат қана халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қабілетті. Мұндай ауқымдағы міндеттерді мемлекеттік қызметшілердің нақты іс-әрекетінсіз жүзеге асыру қиын. Яғни кез келген ұйымдасқан қоғамды мемлекеттік басқарусыз және мемлекеттік қызметшілерсіз елестету мүмкін емес. Қазақстанның мемлекеттік қызмет жүйесі ұзақ қалыптасу жолынан өтіп, ел тәуелсіздігін бекітуге және нығайтуға зор үлес қосып келеді. 1995 жылы қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдық күші бар Президенттің Жарлығында мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастырудың алғышарттары белгіленді. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің құқықтық міндеттері бекітіліп, санаттар мен біліктілік сыныптары негізінде лауазымдар сыныптамасы енгізілді. Аттестаттау мәселелері, мемлекеттік қызметті тоқтату негіздері, қызметшілердің жауапкершілігі, әлеуметтік қорғау шаралары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер реттелді. Мемлекеттік қызметті дамытудағы келесі кезең 1997 жылы мемлекеттік дамудың ұзақмерзімді басымдықтарының бірі – «Қазақстан-2030» Стратегиясында айқындалды. Ол бойынша бірнеше аса маңызды функцияларды орындауға, стратегиялар негізінде іс-қимыл бағдарламалары бойынша жұмыс істеу, ведомстволық қатынасты үйлестіру, министрлердің өкілеттіктері мен жауапкершілігін арттыру, олардың қызметіне есеп беру мен стратегиялық бақылау, министрліктер ішінде, орталықтан өңірлерге және мемлекеттен жекеменшікке орталықсыздандыруға шоғырланған және кәсіби үкімет құру жолымен толыққанды мемлекетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы табанды және аяусыз күрес жүргізу, кадрларды жалдау, даярлау және ілгерілету жүйесін жақсарту сияқты бағыттар нақтыланды. 1999 жылы 23 шілдеде «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң қабылданып, келесі жылы күшіне енді. Онда мемлекеттік қызметтің кәсіби, тиімді жүйесін және бірыңғай кадр саясатын қалыптастырудың жаңа, өзекті қажеттіліктерге жауап беретін тәсілдері айқындалды. Оның негізінде мемлекеттік қызмет ұғымы кеңейтіліп, мемлекеттік қызметке кіру, өту және тоқтату мәселелері реттелді, агенттіктің аумақтық бөлімшелері құрылды. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметтің қазіргі заманғы моделінің корпустық вертикалы, қызметшілердің саяси және әкімшілік түрлері енгізілді. 2005 жылы шілдеде заңға өзгерістер енгізіліп, негізгі инновациялар айқындалды. Атап айтқанда, тәртіптік кеңестер жергілікті атқарушы органдардан агенттіктің қарауына берілді. Мемлекеттік саяси қызметшілерді ротациялау енгізіліп, өз өкілеттігін тоқтатқан судьялар үшін конкурстан тыс негізде мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу мүмкіндігіне, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға мемлекеттік қызметке кіруге тыйым салынды. 2016 жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының жаңа редакциясына қызметтік әдеп туралы жеке тарау енгізіліп, сапалы қызметтің құндылықтары мен қағидаттарын айқындайтын және қызметтегі, тұрмыстағы мінез-құлқы стандарттарын

регламенттейтін мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бекітілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік қызметті жаңғырту және қоғам мүддесі үшін тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастыру қажеттігіне үнемі назар аударып келеді. «Мемлекеттік қызмет – бұл өз еліне және халқына қызмет ету. Бұл – ерекше міндет. Сондықтан осы жолға түсуге шешім қабылдаған мемлекеттік басқарушылар оларға ерекше талаптар, олардан ерекше сұраныс бар екенін түсінуді керек», – деп атап көрсеткен болатын. Мемлекеттік қызмет мемлекеттік басқару аппаратындағы кәсіби қызмет болғандықтан, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігін арттыру басты талап болып табылады. Сондықтан мемлекет пен қоғам арасындағы өзара құрмет пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру мақсатына жетуде жеке және әлеуметтік құндылықтар жүйесін қайта қарастырудың мәні айрықша. Бұл орайда «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» ұстанымының маңызы зор. Жаңа Қазақстандағы мемлекеттік қызмет сервистік сипатта болуы, артық бюрократиясыз жұмыс істеуі – басты шарттардың бірі. Бұл азаматтардың сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, қоғам мүдделеріне қызмет етуге де ынталдырады. Мемлекеттік қызметті жетілдіру үдерісіндегі жалпы тәсіл кәсібилік, объективтілік, ашықтық, жұртшылықты тарту қағидаттарын сақтауға, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалануға, қызмет нәтижелерінің кешенді көрсеткіштерін және сенім рейтингтерін құруға негізделеді. Президент мемлекеттік қызмет істері агенттігінің алдына мемлекеттік қызметке кіру және одан шығу рәсімдерін оңайлату, бюрократияға жол бермеу, меритократия қағидатын ілгерілету жөнінде жаңа міндеттер қойды. Қазіргі уақытта осы мәселелер шеңберінде бірқатар нормативтік актілер қабылданды. Осылайша жас қазақстандықтар үшін «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстан тыс орналасудың бірегей мүмкіндіктері жасалды. ОРА 3,33 көрсеткішімен мемлекеттік грант есебінен жоғары оқу орнын тамамадан түлектер конкурстық іріктеусіз және тестілеусіз аудандық және ауылдық деңгейдегі белгілі бір мемлекеттік лауазымдарға орналаса алады. Бұл жастарды мемлекеттік қызметке тартудың, жас мамандарды жергілікті жерлерге қайтарудың, сондай-ақ мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдету арқылы өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуды ынталдырудың пәрменді шарасы екені анық.

Ал Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектері органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша оқу бітіргеннен кейін бір жыл ішінде конкурстан тыс бірқатар мемлекеттік лауазымдарға орналасуға құқылы. Бүгінде Мемлекеттік қызметке кіру бойынша жаңа қанатқақты жоба сынақтан өтуде. Биыл 1 наурыздан 31 желтоқсанға дейін тың бағдарламаға қатысатын бес мемлекеттік орган үшін (Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Сауда және интеграция министрлігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Ақмола облысының және Шымкент қаласының әкімдіктері) мемлекеттік қызметке іріктеудің уақытша ережелері қолданылады. Жаңа бағалау құрылымының енгізілуі мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігін жеңілдетеді. Басшылық құрамның лауазымдары ессе жазып, әңгімелесуден өтеді. «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі кандидат туралы ақпаратты дербес алады, соттылығының және құқық бұзушылықтардың жасалуының бар-жоғын тексереді. Іріктеудің барлық кезеңдерінде ең көп балл жинаған конкурс жеңімпазы автоматты түрде анықталады. Мемлекеттік қызметке іріктеудің бұл жүйесі барлық мемлекеттік органдар үшін апробациядан кейін енгізілетін болады. Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау әдістемесінде өзгерістер бар. Басшылық құрамның қызметін бағалау талаптары күшейтілді. Олардың жұмыстары тоқсан сайын негізгі нысаналы индикаторларға қол жеткізу нәтижелері негізінде бағаланады. 1 қыркүйектен бастап Президенттік жастар кадрлық резервіне іріктеу басталады. Республиканың барлық өңірлерінде өңірлік жастар кадрлық резервтері құрылады. Қазіргі уақытта заңнамаға өңірлік резервке қатысты түзетулер енгізу бойынша жұмыстар пысықталып жатыр.

Өткен жылдан бастап агенттікке бюрократиядан құтылу бойынша мониторинг және талдау жүргізу функциялары жүктелді. Бұдан былай денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және әлеуметтік қорғау салаларына талдау, сонымен қатар жалпы мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдеріне кешенді мониторинг жүргізіледі. Мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылату шаралары кешенді түрде жалғасады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің қызметі мемлекеттік аппаратты терең кәсіби трансформациялауға, қызметтің ұтқырлығы мен транспаренттілігін қалыптастыруға, үздік әлемдік тәжірибелерді зерделеуге бағытталған. Мұның өзі мемлекеттік қызмет саласында жоғары жауапкершілікті, үнемі өзін-өзі жетілдіруді, жоғары кәсібилікті және терең білімді талап етеді.

**Елена СТЕПАНЕНКО,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің СҚО бойынша департаментінің басшысы.**

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!



Ауылдық округ әкімінің жұмысындағы негізгі міндет халық сеніп тапсырған аумақта мемлекеттік саясатты іске асыру болады. Ауылдық округ әкімінің аппараты өз құзіреті шегінде және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, жеке қабылдау жүргізеді, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетеді. Қазақстан республикасы халқының цифрлық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында да жұмыстарды ойдағыдай, заң талаптарына сай жүргізу – әкімнің құзырында. Халықты әлеуметтік қорғау, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға ерекше көңіл бөлу-әкімдіктің, әкімнің бақылауында болуы міндетті.

Осындай маңызы зор жұмыстарды атқарып, халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп, тұрғылықты жердің кез – келген мәселелерінің оңтайлы шешілуіне ат салысып жүрген әуыл әкімдері баршылық. Сол ауыл әкімдерінің арасында Тайынша ауданы Тихоокеан ауылдық округінің әкімі - Бәкіров Ерлан Михашұлы өз ісінің маманы. Жерлестерінің, ауыл ақсақалдарының талай алғысына бөленген мемлекеттік қызметкердің еңбек өтілі де аз емес. Өзі еңбек жолын бастаған сонау 1986 жылдан есептесек, 37 жыл, бұл аз мерзім емес. Осы еңбек еткен жылдардың басым бөлігінде мемлекеттік қызметте болған Ерлан Михашұлы ҚР Президентінің саясатын толық қолдайды, округтегі халықтың әлеуметтік ахуалы бағытындағы жұмысты асқан жауапкершілікпен атқарады. Округтің ардагерлерімен, жастар қауымымен, ауылдағы білім ошағындағы ұстаздармен тығыз байланыста болып, үнемі бірлесіп еңбек атқарады. Әсіресе, ауыл жастары – ауылдың болашағы, олар ауылдың болашақта сақталуы мен дамуының негізгі көзі екенін жақсы түсінеді. Сондықтан да жастар саясатын жандандырып, ауыл жастарының мәселелерін шешуді басты міндет деп санайды. Түйіндеп айтар болсақ, ол өзінің көп жылғы еңбек тәжірибесімен, білімімен мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек атқаруда. Тәжірибелі маманның әлі де алар асуы биік, жоспарлы жұмыстары баршылық. Ауыл әкімінің алдағы уақыттарда күрмеуі шешілмей келе жатқан ауылдың мәселелерінің тиісті шешімін тауып, халықпен тығыз байланыста болып нәтижелі жұмыстар атқарылатынына сенімдіміз.

– Бүгінде жоспарлы жұмыстардың біразы қолға алынып, жүзеге асырылуда. Атқарылған жұмыстар жөнінде жыл ішінде халыққа бірнеше рет есеп беріп отырамын. Мемлекет басшысының Жолдауында: «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс», - делінген. Маған сенім білдіріп, көтеріп отырған бастамаларымды қолдаған округ тұрғындарының мүддесі үшін аянбай еңбек етуге дайынмын, – дейді халық сенім артқан ауыл әкімі.

Шыны керек, әкімдерді сайлау туралы бастамаға халықтың күмәнмен қарайтыны рас. Тікелей сайлау дегенді жұрт әлі толық түсіне де, сезіне де алмаған сияқты. Дегенмен, дауыс берушілер халық ойлағандай рушылдыққа емес, іскерлікке жүгінсе қуаныштымыз. Партияларға бөлініп, қысымдық көрсету де болмауы тиіс. Байқағанымыздай, көпшілік тарапынан сайланбалы әкімдердің жұмысына тағар мін мен сын да баршылық, сенім де жоқ емес. Дегенмен, қалай да халық артқан сенімінен шығу – сайланбалы әкімдерге сын. Бұл оларға екі есе көп жауапкершілік жүктелді деген сөз. Тұрғындар да елді мекеннің ендігі тыныс-тіршілігіне жауапты. Себебі ауыл-аймақ, өз елді мекенін көркейтуді тиіс басыны өзге емес, өздері сайлады. Сондықтан билік пен бұқараның бірлескен ісі дәл осы жерде көрініс табуы тиіс. Мұндайда басты керекті «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару». Әкімдер тұрғындармен тілдесудің тиімді тетігін таба білсе, ел ағалары тізгінді ұстап отырған жетекшіге ақыл-кеңесін айтса, аудан басшылығы жан-жақты қолдау көрсетсе, шешілмейтін мәселе жоқ. Мемлекеттік қызметкер, мерекенің құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



ҚҰРМЕТТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді, Қазақстан Республикасының полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – ішкі істер саласында абыройлы еңбек еткен ардагерлер мен солардың ізбасарлары, бүгінгі тәртіп сақшыларына құрмет көрсетілетін сәт.

Қазақстан полициясы – қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдардың бірі. Олардың кәсіби біліктілігі мен сертіне беріктігінің арқасында қоғам арасында тұрақтылық қалыптасып, адамдардың осы сала мамандарына деген сенімі артып келеді. Өз бастарыңызды тәуекелге тігіп, өзгенің өмірі үшін күніне сан түрлі қақтығыстармен бетпе-бет келсеңіздер де, Отан алдындағы борыштарыңызды адал атқарып келесіздер. Сіздердің жүйелі жұмыстарыңыздың нәтижесінде өңірімізде адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары қорғалып, қылмыс саны да күн санап азайып келеді.

Бүгінгі кәсіби мереке қарсаңында осындай ерен еңбектеріңіз үшін баршаңызға алғыс білдіремін. Жұмыстарыңыз жемісті, отбасыларыңыз бай-қуатты болсын!

Берік ӘЛЖАНОВ, Тайынша ауданының әкімі.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

ҚАДІРЛІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ!

Полиция - мемлекеттік биліктің қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдарының бірі. Сақшылардың кәсіби қызметі зор жауапкершілігімен, тәуекелге бел бууымен ерекше құнды. Қазақстан дербес мемлекет болып, тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап оның тыныштығын қорғауға берік ден қойылып келеді. Осынау қырағы мамандықты таңдаған жастар да елінің алдындағы борышын сезінетіні сөзсіз.

Заң бекітілген күн, яғни 23 маусым жылда Қазақстан полициясы күні ретінде аталып өтіледі. Ризашылық пен құрметтің нышаны ретінде Қазақстан Полициясы күнімен барлық әріптестерімді шын жүректен құттықтаймын!

Өз қызметтік міндетін атқаруға адалдық танытып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін, халық арасында сақшы жұмысын жүргізетін, азаматтардың тыныштығын, заңдылық пен құқық тәртібін қорғайтын білікті мамандарымыздың қатары көбейе берсін.

Еліміздің қорғандары – полиция қызметкерлерінің еңбектеріне табыс, қызметтеріне сәттілік пен

Нұрлыжан Ахтанов, Тайынша ауданының полиция бөлімі бастығы.

абырой тілеймін.

Халқымыздың амандығын сақтау мен Отанымыздың өркендеуіне қосып жатқан үлестеріңіз аз емес, еңбектеріңіз арқашан жемісті де табысты болғай! Қоғамдық тәртіпті қалыптастыру, ел тыныштығын қорғау жолындағы қажырлы еңбектеріңізге сәттілік тілеймін. Әрдайым анттарыңызға адал болып, ел қорғаны деген атаққа абыройлы қызмет ете беріңіздер! Еліміз тыныш, халқымыз аман, бауырымыз бүтін, бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Құрметті әріптестер және ішкі істер органдарының ардагерлері!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Полициясы күнімен құттықтаймын! Біздің жұмысымыз үнемі жоғары кәсіптілікті және жеке қабілеттілікті талап ететін қауіп-қатермен тығыз байланысты. Қызметтік борыштарыңызды атқару кезіндегі адалдықтарыңыз, қайсарлықтарыңыз, батылдықтарыңыз бен батырлықтарыңыз үшін мың алғыс!

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚОРҒАНЫ

Жалпы, полиция қызметкері – халықтың қорғаны. Қылмысты ашуда, қауіпсіздікті сақтауда полиция қызметкерлерінің еңбегі зор. Полиция қызметкері болу үшін білім де, білік те, білек те керек. Сабыр, төзім және қажыр-қайрат қажет. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицейге қажетті басты қасиеттердің қатарында. Ұстамды болуы, азаматтармен тіл табыса білуі, сыпайы болуы да аса маңызды.

Осындай толып жатқан талаптардың үдесінен шығуға баса назар аударатын жандардың бірі – Тайынша қаласы қоғамдық тәртіпті бұзушыларға арналған арнайы уақытша ұстау изоляторы бастығының орынбасары полиция капитаны Кенжалин Анвар Көкешұлы. 15 жылдан асқан еңбек өтілі бар тәртіп сақшысы 2008 жылы әскер қатарында азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін, еңбекке араласады. Еңбек жолын бастаған күннен бастап ол үнемі тәртіп сақшысы қызметкері. Полицияның әр саласында еңбек атқарып, үнемі өзін жақсы жақтарынан байқатып жүр. Отбасында ардақты әке. Полиция қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Анвар Көкешұлымен әңгімелесіп, сүбелі сұхбат құрған болатынбыз.

Қазақстан полициясы мерекесі қарсаңында ол өз ойын ортаға салды:

– Иә, Қазақстан полициясының құрылып, ел мүддесі, ұлт болашағы, қоғам қауіпсіздігіне қызмет етіп келе жатқанына 31 жыл уақыт өтіпті. Бұл аз уақыт емес. Қазақстан полициясы еліміздің қоғамдық қауіпсіздігінің, тәртіпті қамтамасыз ету мен сақтаудың, азаматтардың еркіндігі мен конституциялық құқықтарын қорғаудың, қылмысқа қатаң талап қоюмен қатар қабілеттілігі мықты мемлекеттік жүйе болып табылады. Қазақстандық полицияның қалыптасуы, басты игілігіміз – ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтап қалуымыз болып табылады. Және ол мемлекетіміздің даму тарихымен тығыз байланысты. Маған тәртіпті ерекше талап ететін полиция қызметкері болу – жас күнімнен арманым болды. Суға батқан баланы құтқару, қызыл жалынға оранған үйден адамдарды шығару, қарт адамға дереу көмек көрсету сияқты ерлік іс атқарған ададар туралы естгенде мен де сондай батыл да батыр болсам деп ойлайтынмын. Қазіргі тәртіп сақшыларының күнделікті өмірде жасап жатқан ерліктерінің бір бөлігі ғана. Бүгінгі күннің батырларын алда келе жатқан кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтап өткім келеді.

Барлық әріптестеріме тәуекелге толы, қоғамымызға ең қажет қызметте, табандылық пен қайсарлықты тілеймін. Ал, өз отбасыма әрбір отбасы мүшесінің сабырлығы мен төзімділігі үшін шынайы ризашылығымды білдіремін.

– Кәсіптің жақсысы, жаманы болмайды. Полиция қызметкерінің жұмысын оңай деп ойлайтындар жаңылысады. Себебі, полиция қызметкерінің басты ұстанымы – өз ар-ожданының алдында таза болу, қандай қиындықтар, кедергілер болса да шыдамдылық танытып, шыдау. Ал бұл – кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Өмір деген қателесу мен қателігіңді түзеуден тұрады.

Полиция қызметкерінің міндеті – заңдылықтың сақталуын қадағалау, қылмыстың алдын алу. Тәртіп үшін заңнан мәртебелі ештеңе жоқ. Сондықтан, әр тәртіп сақшысының бойынан адалдық пен кәсібилікті күтетмін.

Бұл салада білімді болумен қатар, бірді ғана емес, бірнешеуін жығатын білекті де болу шарт. Дене шынықтырумен айналысу, спортпен машықтану – полиция қызметкерінің өмірінен ойып тұрып орын алатын нәрсе. Сонымен қатар, полицейлер үшін талап пен жігер қажет деп ойлаймын, - дейді бүгінгі біздің кейіпкеріміз.

Еліміздің тыныштығы мен жарқын болашағы жолында тынымсыз қызмет етіп жүрген барша полиция қызметкерлері еңбектеріңізге толағай табыстар тілеймін. Еліміздің іргесі тыныш болып, көк туымыз тұғырында желбіресін!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

Бүгінгі таңда бөлімде 16 Мемлекеттік қызмет көрсетіледі, ең сұранысқа ие қызметтердің бірі – «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру» (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 12 тамыздағы №437 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 13 тамызда № 23983 болып тіркелді).

Электрондық үкімет» порталы. Қызметті онлайн қалай алуға болады?

1. Порталда авторизациялау және «онлайн қызметке тапсырыс беру» батырмасы бойынша өту (қызметті алу үшін сіз сайтта тіркелуіңіз керек www.gosreestr.kz).

2. Сайтта өтінімді толтыру www.gosreestr.kz және оған ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) қою. Тіркеу кезінде көрсетілген электрондық поштада көрсетілген уақыт ішінде келіп түсетін өтініміңізді өңдеу туралы хабарламамен танысыңыз.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-да қызметті қалай алуға болады (қажетті құжаттар):

1. Жалға алушының отбасының барлық кәмелетке толған мүшелері қол қойған тұрғын үйді жекешелендіруге өтініші.

2. Неке қию (бұзу), отбасы мүшелерінің қайтыс болуы, балалардың тууы туралы куәліктің көшірмелері (қажет болған жағдайда, ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда).

3. Жалдау шарты немесе тұрғын үйге ордер.

4. Басқа адамдар көрсетілетін қызметті алушының отбасы мүшелері деп танылған жағдайларда, соңғысы оларды көрсетілетін қызметті алушының отбасы мүшелері деп тану туралы сот шешімінің көшірмесін ұсынады.

5. Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттың көшірмесін қосымша ұсынады.

6. Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдар қызметкерлері, әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері, судьялар және мемлекеттік сайланбалы лауазымдарды атқаратын адамдар санатына жататын азаматтар жұмыс орнынан (қызметтен) анықтаманың көшірмесін не қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін қосымша ұсынады.

7. Ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер олардың мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі береді.

8. Тұрғын үйді жалдау шарты бойынша берешектің жоқтығын растайтын құжат.

9. Қағидалардың 8 тармағына сәйкес жекешелендіру жағдайында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді меншігіне өтеусіз алуға құқығы бар азаматтар санатына жататынын растайтын құжаттың көшірмесі.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ

1) коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру кезінде:

бірінші және екінші кезең: көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде тұрғын үйді жекешелендіру туралы тұрғын үй комиссиясының шешімі; үшінші кезең: 5 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарт жасасу.

2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің не коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру кезінде:

бірінші және екінші кезең: тұрғын үйді жекешелендіру туралы тұрғын үй комиссиясының шешімі көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде; үшінші кезең: тұрғын үйді коммуналдық мемлекеттік мекеменің немесе коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан коммуналдық тұрғын үй қорына беру, оның ішінде тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттарды тіркеуші органда мемлекеттік тіркеу тұрғын үйді жекешелендіру туралы шешім шығарылған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жүзеге асырылады; төртінші кезең: 5 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарт жасасу.

3) республикалық мемлекеттік мекеменің не республикалық мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру кезінде: бірінші және екінші кезең: көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде тұрғын үйді жекешелендіру туралы тұрғын үй комиссиясының шешімі; үшінші кезең: жекешелендіру туралы шешім шығарылғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде тұрғын үйді республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру: балансында берілетін тұрғын үй орналасқан республикалық заңды тұлғаны басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның тұрғын үй комиссиясы тұрғын үйді жекешелендіру туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қолдауы негізінде шешім қабылдауы; беруші және қабылдаушы Тараптардың уәкілетті лауазымды адамдарының беру актісіне қол қоюы және беру актісін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары) және коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшысы бекітуі, және тұрғын үй бойынша шешімдер қабылданған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттарды мемлекеттік тіркеу; төртінші кезең: 5 жұмыс күні ішінде қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарт жасасу. Қызмет құны.Тегін.

Біздің мекен-жайымыз: Тайынша қаласы, Астана көшесі, 174, байланыс телефоны: 8 (715 36) 22-5-37.

ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҒАРЫЛДЫ

Маусымның сегізінші жұлдызында аудан әкімдігінің мәжіліс залында Қоғамдық кеңес төрағасы жүргізген аудан әкімінің орынбасары Еркебулан Дүйсембиннің қатысуымен, Тайынша ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысы өтті.

Күн тәртібінде 3 мәселе қаралды. Бірінші мәселе бойынша Тайынша қаласының әкімі В. Шпаковский баяндама жасады. Валерий Анатольевич Тайынша қаласын санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берді. Әкім қаладағы жасалған жұмыстың нақты фактілер айтып берді. Олар қоқыстарды шығару, зираттарды тазалау, қала көшелеріндегі шамдарды ауыстыру, көшеттер мен гүлдер отырғызу, жолдарды жөндеу және себу, ағаштарды кесу, арамшөптері шабу және т.б. Сонымен қатар қала басшысы қоғамдық кеңес мүшелеріне шешімі алдағы уақытта табылатын бірақ әлі шешілмеген мәселелер туралы да хабарлады. Елді мекендерді абаттандыру және санитарлық тазарту жөніндегі үш айлық жоба шеңберіндегі қызмет туралы Большезиом, Драгомиров және Чермошнян ауылдық округтерінің әкімдері: Т.Жусупов,

Ж.Әжіғұлов, К. Ищанов хабардар етті. Баяндамашылар көктемгі уақыт кезеңінде ауылдарда атқарылған істер жайлы, абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыру, сенбіліктерді өткізу, шаруашылық жүргізуші субъектілерді жұмысқа тарту туралы хабарлады.

«2022-2023 жж. жылыту маусымындағы жұмыстың қорытындылары және жаңа 2023-2024 жж. дайындық жоспарлары туралы» екінші мәселе бойынша «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС директоры Н. Трифонов және «ТайыншаЖылуСервис» ЖШС директоры А. Бұра сөз сөйледі. Баяндамашылар маусымның қаржылық нәтижесін, шығыстары, кірістері мен шығындарын айтты, қоғамдық кеңес мүшелеріне алдағы от жағу маусымына дайындық шеңберінде көптеген қажеттіліктерді жабдықтау жөндеу және профилактикалық алдын алу іс-шаралары бойынша жұмыс жоспарларын ұсынды.Үшінші мәселе Қоғамдық кеңес төрағасының міндеттерін ол болмаған кезеңдегі уақытша жүктеуге қатысты болды. Сонымен қатар, 12 маусымнан бастап Төрағаның міндетін уақытша атқарушы тағайындалды, ол Қоғамдық кеңес мүшесі С. Кочелабоваға жүктелді.

Жарыс Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында 31 мамыр мен 6 маусым аралығында өтті.

Айта кету керек, балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Дулат Төлебаевтың тәрбиеленушілерінің орта тобының жетістіктерінің қоржынында әлі көптеген жеңістер бар. Қыздар облыстың бірнеше дүркін чемпиондары. Ұзынағаш ауылында жас баскетболшы қыздар республикалық деңгейде алғашқы ойын өткізген, және бірден үштікке кіре алған. Күміс жүлдегерлер көтеріңкі көңіл-күймен оралды, сонымен қатар оларды үйде жағымды тосын сый күтіп тұрды. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшылығы ата-аналарымен бірге Тайынша станциясының теміржол вокзалының перронында қыздарға жылы кездесу ұйымдастырды. Триумфаторларды салтанатты түрде - шарлармен, гүлдермен, болашақ жеңістерге деген тілектерімен қарсы алды.

Қыздар мен команда жаттықтырушысы Д. Токубаевты республикалық деңгейдегі алғашқы жеңісімен құттықтаймыз! Біз сендерге сенеміз!

Жаннур Бектурғанова, тілші.

Хабарлама

«Тайынша агробизнес колледжі» КММ біліктілік бойынша 1 ай мен 3 ай аралығында қысқа мерзімді курстық дайындыққа қабилдауды хабарлайды

1. «Аспаз»
2. «В» санатындағы жүргізуші
3. «А, В, Г» санатындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі»
4. «Кең профильді құрылысшы –шебер»

Хабарласу тел. 23097.

ХАБАРЛАНДЫРУ

КГУ «Аппарат акима Мироновского сельского округа Тайыншинского района Северо – Казахстанской области» просит граждан имеющих правоустанавливающие документы на следующий объект: 1. Здание мед. пункта в с. Виноградовка, ул. Центральная 31, с. Заречное, ул. Бірлік 6/2. Тел: 8/71536/3-75-90.

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ-ДЕНСАУЛЫҚ

Жүрек Орталығы Astana Half Marathon жартылай марафонының ресми медициналық серіктесі аталды. Екі жыл бойы елордалық бұл іс-шара Қазақстан мен шетелдік белсенді спорт сүйер қауымы мен кәсіби жүргізушілердің басын біріктіруде. Жүрек Орталығының командасы бағыт бойына алғашқы медициналық көмек станцияларын орналастырып, мәреге қатысушылардың медициналық қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Жартылай марафонның ұйымдастырушысы - «Бірінші болу батылды» Корпоративтік қоры ауқымды спорттық шараларды 2012 жылдан бастап өткізеді, осылайша олар салауатты өмір салтын бұқараға танытып, жыл сайын спортқа әуес адамдар санын арттырады. Биыл Astana Half Marathon қатысушылары 21,1 км, 10 км, 10 км қашықтығында жүгіру, скандинавтық жүріс пен Экиден командалық эстафетасында бақ сынасты. Жүгіру трассасы заманауи архитектура мен туризм нысандары орналасқан мегаполистің басты көшелерінде жасалды. Жартылай марафон қатысушыларының арасында алғашқы старттарына қадам басқан жаңадан келгендер де, өз рекордтарын жаңартуға ниеттенген тәжірибелі спортшылар да болды. Жүгіріс нәтижелеріне сәйкес өз жас категориясындағы ең жылдам жүргізушілер арнайы сыйлықтарға ие болды.«Жүрек Орталығының медициналық серіктес ретінде қатысуы біз үшін үлкен жауапкершілік болып табылады. Еліміздің азаматтарын спортқа шақыратын бұл ауқымды шараға тағы да қолдау көрсеткенімізге қуаныштымыз. Жыл сайын жүгіру кең танымалдылыққа ие болуда, біз медицина қызметкерлері ретінде жаттығулардың денсаулыққа зиян тигізбей өткізілуі үшін уақытылы чек-ап тексерістерден өту қажеттігін еске салғымыз келеді», - ой бөлісті Татьяна Иванова-Разумова, клиниканың медициналық директоры.Жартылай марафон уақытында медициналық көмек палатасына 140 жүгіну тіркелді. Қатысушылар негізінен бұлшықет спазмы, артериялық қысымның құбылуына шағымданып, ауырсынуды азайтатын спрейлерді сураған. Сонымен қатар, жартылай марафон қатысушылары клиникада check-up медициналық тексерілуінен өту мүмкіндігіне ие болды. Серелік номерді көрсеткен жағдайда әр қатысушы 2023 жылдың 15 қыркүйегіне дейін «Формада бол» және «Спортшы» пакеттерінің шеңберіндегі толық тексерістеріне 10% жеңілдік ала алады.

Жүрек Орталығы - Astana Half Marathon 2023 елордалық жартылай марафонының медициналық серіктесі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 202. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.